

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

20 қараша
ноября 2022

ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

СҮЙІНШІ!

Сәкен театры
олжалы оралды

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақмола облысының әкімдігі және Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының ұйымдастыруымен Көкшетауда өткен республикалық театрлар фестивалінде Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры «Актерлік ансамбль» аталымын жеңіп алды.

Театрлар фестивалі қоғам қайраткері, жазушы, драматург Жабал Ергалиұлының 70 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылғанын атап өткен жөн.

Байқауға Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры, Нұрмұхан Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық-драма театры, Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театры және Сәкен театрының ұжымы қатысты.

Театр ұжымдары Ж.Ергалиұлының драмалық туындыларын сахналап, өнерін ортаға салды.

Ж.Ергалиевтің «Қазақтың Қарасай батыры», «Сөне көрме, жұлдыздар», «Жол сапар жалғаса береді» кітаптары жас ұрпақтың рухани азығына айналған. Әлеуметтік тақырыптарды арқау еткен драмалық туындылары да ел театрларының бірқатарында сәтті сахналанып жүр. Іргелі театрлар қатысқан осындай айтулы өнер фестивалінде «Актерлік ансамбль» аталымын жеңіп алған жерлестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!

• ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

ИНВЕСТОР ӘКЕЛЕР ИГІЛІК
Саранда жаңа бес зауыт салынады

Саран индустриалды аймағы – инвестор үшін тартымды. Өйткені, мұнда өндіріске қажет ресурс түгел бар. Жергілікті биліктің иіліп төсек, жайылып жастық болғанының жемісі – келесі жылы аймақта жаңа бес зауыттың қадасы қағылады. Қазір құрылысы қарқынды жүріп жатқан шина зауыты мен тұрмыстық техника жасайтын кәсіпорынның бұл тізімге қатысы жоқ.

Бүгінде зауыттарға бөлінген аумақта инфрақұрылым тарту жұмысы қызды. Жүздеген енбеккер күні-түні тынбай тер төгуде. Алғашқы нәтиже де көзге көрінді. Мәселен, газ құбырының бір желісі салынып бітті.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр индустриалды аймаққа инфрақұрылым әкелу бойынша 12 жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Яғни, 12 жоба. Құны – 16 млрд. теңге. Бұл қатарда электр қуаты, су желісі, кәріз жүйесі, газ құбыры, жол сынды қажеттіліктер бар. Қазір жобалардың басым бөлігі еңсерілді.

Мұрат Магзин, облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы:

– Биыл 11 жоба бойынша жұмыс ойдағыдай жүріп жатыр. Әзірге, бір жоба – бір газ желісін тарту жұмысы тәмамдалды. Жақын уақытта екінші газ желісі тартылып болады. Жылу, отын осы газ арқылы беріледі. Сондай-ақ, жыл соңына дейін екі теміржол тұйығын, ауыз су және техникалық су желілерін, кәріз жүйесін, электр сымдарын тарту іс-шараларын аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Келесі жылдың енісіне жол салу, абаттандыру және екі кәріз насос стан-



цияларының құрылысы қалады. Мұрат Сәкенұлының айтуынша, насос станциялары күрделі нысан болғандықтан биыл тұрғызып үлгеру мүмкін емес. Аталған станциялар тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды сүзіп, тазартады.

Басқарма жол құрылысында да асықпауды ұйғарыпты. Индустриалды аймақтағы жал-жал үйілген топырақты автогрейдерлер тегістеп жүр. Кейін ауыр техника жүретіндіктен жолдың табанын әбден таптап тастамақ.

Электр желісіндегі жұмыстың 70 пайызы орындалды. Ерекшелігі сол – кабель эстакада арқылы тартылу. Мердігер «Электромонтаж» АҚ-ның өндіріс жөніндегі директоры Руслан Ғабдуллин аталған инженерлік шешім өте қауіпсіз және ыңғайлы екенін тілге тиек етті.

– Электр желісін эстакада арқылы өткізу туралы шешім қабылдадық. Біріншіден, қауіпсіз. Су тимейді, өзге де қазу

жұмыстары кезінде кедергі келтірмейді. Екіншіден, енбек өнімділігі артық. Үзілген, зақымданған тұсын іздеп, жерді қазбайсыз. Қосымша кабель жалғау керек болса, көз алдыңызда тұр. Тез әрі сапалы жұмыс жүргізуге қолайлы, – дейді Руслан Ертауұлы.

Зауыттар құрылысына жалпы көлемі 200 гектардан аса жер бөлінген.

Жақсылық Ахметбеков, «Сарыарқа» ӘКК АҚ департаментінің директоры:

– Индустриалды аймақ аумағы – 207 гектар. Бұл аумақта ел экономикасында сұраныс жоғары тауар өндіретін зауыттар тұрғызылады. Әсіресе, қазіргі халықаралық экономикалық жағдайда маңызды. Зауыттар импортты алмастыруға және экспортқа бағытталған. Мәселен, әлі күнге дейін отандық өндіріс ошақтары мырышталған болатын Ресейден тасуда. Жаңа нысандарда металлургия саласындағы заманауи технология-

лар қолданылады.

Құрылыс келесі жылдың наурызында басталады. Ал, аяқталу мерзімдері әртүрлі. Бес зауыттың салынуымен индустриалды аймақ 80 пайызға игеріледі. Келешекте осы жерде мырышталған, полимермен қапталған болат зауыты, пісірмелі құбырлар зауыты, ыстық мырыштау зауыты, қоспалы болат зауыты және фармацевтика кәсіпорны жұмысын бастамақ. Алғашқы төртеуі отандық компаниялар жобасы болса, соңғы зауыт Қазақстан-Үндістан әріптестігі шеңберінде тұрғызылады.

Инвестиция сомасы да қомақты. Әзірге, 200 млрд. теңге мөлшерінде болжанды. Және жаңа зауыттардың іске қосылуымен 4 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• МӘСЕЛЕ

Жалған ажырасу
жарға жықпасын

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы еліміз бойынша 50 мыңға жуық отбасы жалған түрде некесін бұзған. Басым көпшілігінің себебі, жеңілдетілген ипотекаға «толық емес отбасы» бағыты бойынша қол жеткізуге ниеттенгендер.

Мемлекет басшысы Twitter-парақшасында әлеуметтік жәрдемақы мен жеңілдіктер үшін көпшілік арасында жаппай ажырасушылар санының артқанын айтып, «Атаулы әлеуметтік көмек алу мақсатында



Коллаж жасаған Арайлым КОКТАЕВА

көпбалалы ата-аналардың ажырасуы жиілеп кетті. Үкімет пен Президент әкімшілігіне алаяқтыққа тосқауыл қою үшін цифрландыру жүйесін енгізуді жеделдету тапсы-

рылды. Атаулы әлеуметтік көмек – бұл мұқтаж азаматтарға берілетін мемлекеттің жәрдемақысы», – деп жазған еді.

➡ 4-бетте

• АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТИҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ



Айтулы кешке қазақ әдебиетінің белгілі тұлғалары, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегерлері Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай, белгілі жазушы Әлібек Асқаров, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова, филология

Арқа аспанында
Ақселеу рухы

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында белгілі қоғам қайраткері, көрнекті этнограф, жазушы, Алаштың аяулы азаматы Ақселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл толуына орай, жас жазушылар мен көсемсөз шеберлерінің республикалық әдеби-шығармашылық байқауының жүлдегерлерін марапаттау салтанаты өтті.

ғылымдарының кандидаты, профессор Қойлыбай Асан, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы және басқа да зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, студент жастар қатысты.

– Ақселеу Сланұлы атындағы

республикалық байқауы айтулы тұлғаның мерейтойына орай был алғаш рет республикалық деңгейде ұйымдастырылып, жүлде қоры ұлғайтылды. Бұған дейін облыстық деңгейде өтіп келген.

➡ 8-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5834,60	5900,80
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11669,20	11801,60
		6 ай 3086,60	3092,80
		12 ай 6173,20	6185,60

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10229,20	10433,60
Жеке жазылушылар үшін	3492	5549,20	5669,60

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы



Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы болып Рауан Таран тағайындалды. Оның барлық еңбек қызметі жастар саясаты саласымен байланысты.

2013 жылы Рауан Таран Қарағанды облысының жастар бастамалары орталығында Жастар бастамаларын үйлестіру және қолдау бөлімінің инспекторы болып жұмысқа қабылданды.

Содан кейін Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығында ақпараттық қамтамасыз ету және әлеуметтік технологиялар бөлімінің меңгерушісі болды.

2016 жылы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасына ауысты. Балалар және жастар үкіметтік емес ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің бас маманы болып жұмыс істеді, кейін аталған бөлімнің басшысы болды.

2021 жылдан бастап осы тағайындауға дейін Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасында жастар жобалары мен бағдарламалары бөлімін басқарды.

Өз тілшімізден

• АКЦИЯ

Көше сәні – көшеттер

«Бір тал кессен, он тал ек» дейді атам қазақ. Осы бір қанатты сөзді өмірлік мақсат еткен нұралықтар 300-ден астам жас ағаш отырғызды. Жастар аллеясы мен елді мекен ішінде қазір сап түзеп жас ағаштар тұр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтерское» ЖШС ағаш отырғызу бастамасын көтеріп, шараға мұрындық болған. Нәтижесінде, жастар аллеясы 50 карагай, 16 қызыл ағаш көшеті және 13 талмен толықты. Сондай-ақ, «Шахтерское» ЖШС-нің бос жатқан аумағы да көгалдандырылды.

– Ағаш отырғызған кезде тамырлардың ашық ауамен байланысын азайту қажет. Көшеттердің тамыры әдетте тәлімбақтан дұрыс тасымалданған кезде кеуіп қалады. Ал, кеуіп қалған ағаштардың ұзақ уақыт тамыр жайып, баяу өсетіні – осының салдары. Тіпті, әлсіздері қурап та кетеді. Отырғызған көшеттеріміз тамырын кеңге жайып, жылдам өсуі үшін осы бір қағидаларды қаперде ұстадық, – дейді «Шахтерское» ЖШС директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары Алексей Мисник.

Нұра ауданы



• КЕЗДЕСУ

Кеншілер кедергіге тап болмауы тиіс



Облыс әкімі Женис Қасымбек «АрселорМиттал Теміртау» кеншілер ұжымымен кездесу өткізді. Өндіріс саласына қатысты мәселелерді шешуде арнайы құрылған комиссиясының кезекті отырысында бұған дейін қойылған талаптың сақталуы, басқа да бірқатар жұмыстар пысықталды. Кездесуге кәсіподақ ұйымы өкілдері, компания басшылығы қатысты.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Комиссия қозғау салған мәселелердің шешілу барысында оң динамика бар. Дегенмен, кейбір сұрақтардың қалып отырғаны жасырын емес. Назардан тыс қалып отырған сол түйіндерді қалай тарқату керектігі отырыста кеңінен талқыланды.

Мысалы, көмір департаментінің кәсіпорындарына кадр тапшылығын жою мүмкін болмай тұр. Сондай-ақ, кеншілердің жабдықтарын жаңарту секілді мәселелер ортаға салынды.

– Келісім комиссиясы былтыр қараша айында өз жұмысын бастаған еді. Бірқатар проблемалар көтерілді. Олардың дені шешімін тапты. Бір бөлігі орындалып та жатыр. Күнделікті жұмыс барысында сұрақтар туындайтыны анық. Соның бәрін бірлесе шешеміз деп ойлаймыз, – дейді «Қорғау» кеншілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буслаев. – Мұндай кездесулер қажет, олар кеншілер ұжымдарының мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді. Біз облыс әкімдігімен және компания басшылығымен үнемі



тығыз байланыстамыз.

Шахтинск, Саран және Абай ауданының әкімдері кеншілер тұратын өңірлердің даму барысын әңгімелеп берді. Мәселен, Шахтинск қаласында кеншілердің өтініші бойынша дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды. Кеншілер үшін тұрғын үй

мәселесі де шешіліп жатыр. Облыс әкімдігі бастамашы болған бағдарлама бойынша бүгінде 112 пәтер сатып алынды.

Аймақ басшысы осындай кездесулер әлі де жалғасатынын айтты.

Суреттерді түсірген
Руслан ҚАЛИ

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Бүгінде өлшеу құралдарынсыз жұмыс жүргізуді елестету қиын, олар қазір барлық салаға енді. Атап айтқанда, түрлі қызмет көрсету орындарында, денсаулық сақтау, ғылыми зерттеуде, азық-түлік өндірісімен қатар көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық рекордтарды тіркеуде де қолданылуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында ҚР Сауда және интеграция министрлігі және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы Бауыржан Қасымов айтып берді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өлшеу құралдарының барлығы да белгіленген стандарттық көрсеткішке сәйкес жұмыс істеуі тиіс. Ол сақталмаған жағдайда зияны мен зардаптары туралы айтып жатудың өзі артық. Сондықтан, құралдар талапқа сай белгілі бір уақытта тексеруден өтіп тұруы міндет. Бұл заңдылықтардың орындалуын қадағалайтын арнайы құрылымдар жұмыс істейді. Аймақтағы осындай міндет Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаментіне жүктелген. Тексеру барысында заң бұзу фак-

тілері анықталды.

– Биыл мемлекеттік бақылаудың 166 нысаны қамтылды. Оның ішінде 9 жоспардан тыс тексеру, 5 бару арқылы профилактикалық бақылау, 124 бармай-ақ профилактикалық бақылау. Оның 28 мемлекеттік басқа мемлекеттік органдармен бірлескен тексерістер болды. Профилактикалық бақылау сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамаларын сақтау тұрғысынан жүргізілді. Заң бұзушылықтар Сәтбаев қаласының орталық аурухана-

сында анықталды. Онда 33 өлшеу құралдарының 21 бірлігі салыстырып тексеру мерзімі өткен кезде қолданылған. Және берілген сертификаттарда мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықтан берген шифрына сәйкес келмейтін шифр деп анықталды. Нәтижесінде, заң бұзушылықтар жою туралы ұйғарымдар берілді. Қазір қалпына келген, – дейді Б.Қасымов.

Бармай-ақ профилактикалық бақылау техникалық реттеу саласындағы және бағалы металдармен, асыл тастардан жасалған зергерлік

• ДЕНСАУЛЫҚ

«Қай жерің ауырса, жаның сол жерде» деген бар. Көп жағдайда дерттің жанға бататын аурумен қатар жүретіні белгілі. Дәрі-дәрмекке «көнген» ауру жақсы, ал, еш емнен кетпейтін ауырсыну болса ше? Мұндай жағдайда дәрігерлер радиожилікті абляция ұсынады. Ол ең қатты деген ауырсыну сезімдерін де баса алады. Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухананың травматолог-ортопедтері мен нейрохирургтері үшін мәскеулік дәрігерлер осы технологияны жетілдіру мақсатында мастер-класс өткізді.

Ауырғанды басатын медицина

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Радиожилікті абляция – түрлі этиологиялық созылмалы ауырсыну синдромын қауіпсіз әрі аз инвазивті әдіспен емдеу түрі. Жоғары жиілікті термоабляцияның арқасында ауырсыну сезімін жеңуге болады және оның нәтижесі бірнеше айдан бір жылға дейін жетеді. Оны әдетте үш тармақты жүйке неврологиясында, желке жүйесі, омыртқа ауыруы, иық, тізе, жамбас буындарының артозын емдеуде қолданады. Яғни, электр тоғы көмегімен патологиялық тіңдерді «күйдіреді».

Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана мамандары да радиожилікті абляцияны тізе буындарының артозы мен омыртқа ауруларында пайдаланылады.

– Белі, мойны, буындары ауыратын адамдар өте көп. 40 жастан асқан адамдарда жиі кездеседі. Ауырсынуды басу оның түрлері мен кезеңдеріне байланысты қарастырылады. Барлығына бірдей ашық ота жасала бермейді. Ондай жағдайда науқасқа көмектесу үшін осы емдеу түрі қолданылады. Нейрохирургия бойынша науқастардың 80-90 пайызында жасаған күннен бастап көмектеседі.

Ауырсыну 6 айдан кейін де, бір жылдан кейін де қайталануы мүмкін. Тіпті, мүлдем қойып кетуі мүмкін. Ем жасалған науқастарға салмақ қосуға немесе суық тигізуге болмайды. Кейбір адамдар осы айтылған ұсыныстарды орындамайды. Аурудың қайтып келу мерзімі адамның регенерациясына да байланысты. Күйдірген жер біраз уақыттан кейін қалпына келеді. Оның қанша уақыттан кейін болатыны әркімде әртүрлі. Әлемдік тәжірибе бұл әдістің тиімді екенін көрсетеді. Әрі ашық отаға қарағанда құны арзандау. Сондықтан, алдағы уақытта оны жетілдіре түсеміз, – дейді аурухананың нейрохирург дәрігері Шолпан Қауынбекова.



Оның айтуынша, бұл әдіс бұрыннан бар.

– Клиникада бұл технологияны қолдануға аппарат бар. Бірақ, тәжірибе жетіспегендіктен, шетелдік әріптестеріміз келіп үйретуде. Бізде рентген арқылы жасалса, әріптесіміз УДЗ аппараты арқылы жасауды үйретуде. Ұзақ ауырсыну кезінде УДЗ аппараты арқылы жергілікті жансыздандырумен жасалады. Емдеу кезінде УДЗ, рентген аппараты арқылы ауырған жерге ине кіргізіп, патологиялық жүйкені күйдіреді, – дейді Шолпан Мейірханқызы.

Ауырсынуды интервенциондық емдеу қауымдастығының президенті Павел Генов:

– Бұл бағыт – жаңа. Сіздердің үнемі басы, омыртқасы ауырып жүретін таныстарыңыз бар шығар. Ол ауруға қанша дәрі ішсе де көмектеспейді. Хирург қарайды, операцияға негіз жок дейді, сөйтіп науқастар тыс қала береді. Көптеген елдерде 3 айдан астам созылмалы ауырсыну бар науқастар үшін клиникаларда ауырсыну бөлімі бар. Онда ауырсынудың түріне қарай дәрі-дәрмек тағайындалады, емдік-диагностикалық блокада жасалады, кинезотерапия, психотерапия да қолданылады. Айтқанымдай, бұл дамып келе жатқан бағыт. Қарағандылық дәрігерлерде мол тәжірибе бар екені қуантады, біздің де үйренеріміз бар екен, – дейді.

Үш күнге созылған шеберлік сыныбы теория мен практиканы ұштастырды.

қолданғаны және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілмеген өлшем құралдарын қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Айыппұл сомасы 7 млн. 767 мың теңгені құрады. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 683-бабының 4-бөлігіне сәйкес Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған қаласының қоспаласы ауруханасы коммуналдық мекемесінің директорына қатысты бір материал Жезқазған қалалық сотына жолданды. Осы нақты тұлға ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 419-бабы 1-бөлігінің 2-тармағы бойынша жауапкершілікке тартылып, оған 493 мың 143 теңге сомасында айыппұл салынды. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 826-бабына сәйкес барлық медициналық мекемелерге қатысты заң бұзушылықтарды жою сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептермен жағдайларды анықтау және шағымдар қабылдау туралы жеке ұсыныстар енгізілді. Бұдан басқа прокуратурадан келіп түскен материал бойынша Арай базары ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 419-бабы 1-бөлігі 2-тармағына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 352 мың 245 теңге сомасында айыппұл салынды.

Бұл тексерулердің барлығы да тұтынушының, яғни баршамыздың мүддемсі үшін жұмыс істейді. Жұмыс жалғасын тауып, Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыстық департамент мамандары адам өмірі мен денсаулығына кері әсерін тигізер заңсыздықтардың жолын кесе бермек.

Тоқаевтың бағдарламасы бойынша бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны 4,7 млн адамға дейін артады

Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Қарағанды облысының бизнес-қауымдастығымен, шахтерлерімен және студент жастарымен кездесулер өткізді.

Өңірдегі жұмыс кезінде РҚШ мүшелері облыс кәсіпкерлерімен кездесті. Олар Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы адал бәсекелестікке жағдай жасау арқылы мемлекеттің экономикаға араласуын жоспарлы түрде азайтуға кепілдік беретінін атап өтті.

«2025 жылға қарай мемлекеттің экономикадағы үлесі 14%-ды құрайды. Ал, шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандардың саны 4,7 млн. адамға дейін артады. Бизнесінің сұранысын ескере отырып, Салық кодексі және мемлекеттік сатып алу туралы заң қайта қаралады. Барлық жерде цифрландыру үрдісі енгізіліп, бұл мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығын арттырады. Экономиканың дамуына, құрылысқа қомақты қаражат құйылады. Бұл ШОБ жұмысына мол мүмкіндік береді», – деді Республикалық қоғамдық штабтың басшысы Ерлан Қошанов.



Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттерімен және оқытушы-профессорлар құрамымен кездесуде РҚШ мүшелері Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға және білім беруге қатысты саясатына баса назар аударды. Атап айтқанда, кандидаттың сайлауалды бағдарламасы барлық саладағы жастардың белсенділігін ынталандыруды, стипендия мөлшерін ұлғайтуды және студенттік жатақхана-

лардағы орын тапшылығы мәселесін шешуді көздейді.

Бұдан кейін РҚШ мүшелері «Казхастанская» шахтасының кенжарына түсіп, кеншілерге кандидаттың сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан еңбек адамын қолдаудың негізгі басымдықтары туралы түсіндірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев адал және өндірістік еңбек қашан да бағалануы, қорғалуы және лайықты қаржылан-

дырылуы тиіс деп бірнеше рет мәлімдегені атап өтілді. Кандидаттың басымдығы – елімізде тиімді индустриялық тізбек қалыптастыру. Онда жоғары деңгейде қайта өңделген өнімдер шығарылады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында жаңғыртылады. Кем дегенде 150 миллиард доллар көлемінде тікелей шетелдік

инвестиция тартылады.

Барлық кездесуде қатысушылар кандидаттың реформаларына белсенді қолдау білдіріп, 20 қарашада оған дауыс беруге дайын екендерін мәлімдеді.

Осы күні РҚШ басшысы Ерлан Қошанов Ұлы Отан соғысының ардагері, 99 жастағы Есжан Бүркітовтің үйіне барды. Қартайғанына қарамастан, ақсақал кандидаттардың сай-

лау науқанын жігіт бақылап отырғанын жеткізіп, Қасым-Жомарт Тоқаевқа алдағы сайлауда сәттілік тіледі.

Өзірленді: Республикалық қоғамдық штаб Тапсырыс беруші: М. Ж. Оспанов Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидат Қ. К. Тоқаевтың сайлау қорының қаражатынан төленді

● САЙЛАУ – 2022

Саналы таңдау жасау – адам өміріндегі маңызды кезең. Ол оның азамат ретінде қалыптасқанын, өз көзқарасының бар екендігін білдіреді. Сондықтан, сайлауды таңдау мүмкіндігі деп қабылдаған жөн. Қазір бізде ел Президентін таңдау арқылы өз болашағымызды таңдауға мүмкіндік беріліп отыр. Мен үшін сайлау өзімді Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінуге мүмкіндік берді. Барлық жастар үшін солай деп ойлаймын.

Қаңтар оқиғасы жастардың саясаттан алыс екенін көрсетті. Қазір жағдай өзгерді деуге келеді. Жастар саясатта қандай жаңалықтар, не өзгерістер болып жатқанын біледі. Оларды бұдан да белсенді болғанын қаласақ, жастарды әлсіз, осал топ ретінде көретін ойдан арылуымыз керек. Қазақстанда, ТМД елдері кеңістігінде жастар әлі күнге дейін әлсіз топ ретінде қарастырады. Басқа елдерде жастарды елдің негізгі дамытушы күші ретінде қабылдайды. Тек бізде ғана жастарға, студенттерге үнемі көмектесу керек, олар әлсіз деген түсінік қалған. Бұл түсініктен шығу керек. Жастар өз бетінше шешім қабылдап үйренуі керек. Бүгінгі қазақстандық жастар қазіргі деңгейінен де жоғары болып, елдегі үрдістерге белсенді араласуы

Азаматтық белсенділік танытатын кез



маңызды. Әрине, кез келген жас үшін білім алу мен баспана негізгі мәселе екені рас, кімнен сұрасаңыз да соны айтады. Дегенмен, тереңінен қозғар болсақ, жастар жай ғана адам емес, елдің дамуына қатысы бар азамат болуды мақсат еткені жөн. Солардың есебінен қазіргі мемлекеттік қызмет аппараты жаңаруы тиіс. Осы сайлау кезінде әр жас өзінің пайымы мен көзқарасына қай үміткердің бағдарламасы жақын келсе, мақсаттары үндес болса, сол адамға дауыс беруі керек.

Саяси сарапшы емеспін, дегенмен де осы сайлаудан кейін өзгеріс күтемін. Әлбетте, ол сайлаудан кейін ертесі не болады деген сөз емес. Десе де маңызды өзгеріс болады деген ойдамын. Негізінде өзгерістерді қазірдің өзінде байқауға болады. Біз конституциялық реформаны қолдап дауыс бергенде соның бастауын жасадық. Мәселен, мен бала құқығын қорғайтын уәкілдің болуын бұрыннан айтқан едім. Адам құқығын қорғау институты барлық дамыған елде бар. Оны енгізді. Былай қа-

рағанда бұл Конституцияға енгізілген бірнеше жол болса да кейін соған сүйеніп, нормативтік актілер қабылданады, тиісті шаралар жүзеге асырылады.

Өзім денсаулық саласында жұмыс істеп жүргендіктен, денсаулық және білім беру салаларында өзгерістер бар екенін айта аламын. Оқу орындары студенттеріне жағдай жасауға ден қоюда. Жемқорларды анықтау мен ұстау жағынан да ашықтық бар екені білінеді.

Жалпы өзгеріс дегенде мемлекеттік құрылымда немесе министрліктердегі емес, жалпы қоғамдағы өзгерістерді айтқан жөн. «Естітін мемлекетпен» қатар, айта білетін мемлекет құруымыз қажет. Санадағы өзгеріс өзіңді сол елдің азаматы ретінде, оның бүгінгі мен болашағына қатысың бар екенін саналы түрде сезінгің де келеді. Сондықтан, сайлаудағы бүгінгі таңдау ертең өз балаларыңның болашағына әсер ететінін ұғынатын кез келді.

Александр УРМАНОВ, Қарағанды медицина университетінің комплаенс-офицері

Мерекеде баспана бұйырды



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Приозерск қаласында кейінгі жылдары құрылыс қарқынды жүргізілуде. Жақында ғана шағын шаһарда «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы салынған 45 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пәтер кезегінде тұрған азаматтарға табысталды. Ігі шараға қала басшысы Сапар Сатаев қатысты.

– Бүгінде жаңа тұрғын үйді пайдалануға беріп, отбасылардың қуанышын еселеп отырмыз. Жаңа баспаналарыңыз құтты болсын. Әр отбасыға бақыт пен амандық тілеймін. Бұл бәріміз үшін өте қуанышты оқиға. Қоныстарыңыз қайырлы болсын, – деді қала әкімі.

Пәтердің кілтің қолына алғандардың арасында толық емес отбасылар, көпбалалы аналар, әлеуметтік осал топ санатына жататын жандар да бар. Ал, «Нұрлы жер» бағдарламасының шарттарына сәйкес салым салып, үш жыл ішінде пәтерге ие болған ерлі-зайыпты Гүлім

Жолдасбаева мен Ерлан Сүлейменов мереке қарсаңында жаңа қонысқа көшкеніне дән риза.

– Біз 14 жыл пәтер жалдап тұрдық. Өз үйің болмаған соң көп қиындықтар көрдік. 2019 жылы жұбайым үйдің кезегіне тұрды. Тұрғын үй – әрбір адамның ең басты мәселесі және алдағы жетістігінің негізі. Сондықтан, мемлекет халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін осындай бағдарламаларды қабылдағанына алғысымыз шексіз, – дейді пәтер иесі Ерлан Сүлейменов.

ПРИОЗЕРСК

Еңбек жасақтарының еңбегі еленді

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастардың экологиялық дүниетанымы мен мәдениетін қалыптастырып, табиғат пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды үйрететін «Жасыл ел» еңбек жасағының жауынгерлері марапатталды. Белсенді жастардың басын біріктіріп, еңбекке баулыған жобаға биыл 1700-ден астам адам қатысқан. Олардың ішіндегі ерекшеленіп, көзге түскендері С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында марапатталды.

«Қалалық штабтың үздік жауынгері» аталымында жеңіске жеткен Саран қаласының тұрғыны Вера Соколова «Жасыл ел» жасағындағы жұмысы табыспен бірге жаңа достар тапқанын айтады. Көпбалалы отбасынан шыққан Вера жобаның жастар үшін берер мүмкіндігі көп дейді.

– Жасым 15-те. «Жасыл елде» бір ай жұмыс істедім. Мен жұмыс істеген ұжым өте тату болды. Достар тапқаным өз алдына, туған қалама көмектесе алғаны үшін қуаныштымын. Бұл, әлбетте, жастар үшін тамаша мүмкіндік, – дейді Вера Соколова.

Ал, ақтоғайлық Қаламқас Сағатова «Аудандық штабтың үздік жауынгері» аталымында көзге түсті. 18 жасар бойжеткеннің таңдаған мамандығы да ерекше. Ол Қарағанды техникалық университетінде «ІТ-медицина» мамандығы бойынша оқиды.

– «Жасыл ел» еңбек жасағында жұмыс істегеніме екінші жыл. Жазғы демалыста жұмыс істеп, ата-анам көмектесу – міндетім. Табысыма мектепке қажетті кеңес тауарларын сатып алатыным. Ал, «Жасыл ел» туралы естігеннен бастап, жасақ қатарына мен де қосылдым. Биыл жалақымы-



зды да көтерді, жұмыс уақыты жасымызға қарай онтайластырылған. Одан бөлек, су жаңа формамен қамтамасыз ететіні де айту керек. Жастарға «Жасыл ел» жасағының қатарына кіруге кеңес беремін. Осы жерде табыс тауып қана қоймай, бос уақытты тиімді пайдалануға болады, – дейді Қаламқас.

Сондай-ақ, Қарағанды штабы «Үздік қалалық штаб» ретінде танылса, «Үздік аудандық штаб»

аталымы Бұқар жырау ауданына бұйырды.

Сонымен қатар, Jasyl El Cup киберспорт турнирінің жеңімпаздары атап өтілгенін де айту керек.

Жарысқа Counter Strike Global Offensive бойынша жарысқан қалалық және аудандық штабтардан 13 команда қатысты. Бірінші орынды Теміртау командасы жеңіп алды.

Жауынгерлер үшін бұл еңбек маусымы балалар жылының қамқор-



лығымен өтті. Сонымен, жауынгерлердің жалақысы өсті, олар үшін фирмалық жабдықтар тігілді. Өзгерістер келесі жылы да болады деп сендірді жоба үйлестірушілері.

– Өткен еңбек маусымының қорытындысы бойынша облыстан – 1715, Қарағанды қаласы бойынша – 350 адам жұмысқа орналасты-

рылды. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жасөспірімдер басым санатта болды. Биыл жауынгерлердің жасына және жұмыс істеген сағаттар санына байланысты еңбекке төлеудің жаңартылған моделі қолданылды, – деді Қарағанды Жастар ресурстық орталығының директоры Якуб Джамалов.

Орталық алдағы жылы облыс бойынша 1000 адамды жұмысқа орналастыруды жоспарлап отыр. Жалақы да көтерілмек.

Еңбек жасақтарының жауынгерлерінің марапаты мерекелік концертке ұласты.



● ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ...

Аманатқа адалдық

немесе Марс аға Төлеуқұловтың
«Айтылмаған ақиқат» атты кітабы
жайлы қысқаша ой-толғам



Біршама ғұмыр кешіп, өмірдің біраз өткелдерінен өткен адамдарға тән (бәрі болмаса да, біразына) бір үрдіс байқалады қазір, ол – өзі жүріп өткен жолына үнілу, баға беру, т.б. Сондай сипаттағы кітаптардың біразына сыни пікір және мақала жазып бергеніміз де бар. Сондай дүниелердің бірі (бірегейі десем, ешкім де сөге қоймас) «Айтылмаған ақиқат» атты кітап дер едік. Авторы – танымал азамат М.Төлеуқұлов. Кітаптың тұсаукесер рәсімі де өтті.

Егер аталмыш еңбекті күні кеше ғана өздері ғұмыр кешкен жүйеге айрықша қызмет етіп, оны бірден-бір әділ жүйе деп есептеген жандардың көз жасы, төгілген қаны, нақақтан зардап шегуінен туған жан айқайы десек, автор өз әкесі Ерембекке ғана емес, тоталитарлық тәртіптің құрбаны болған мындаған жандарға ескерткіш орнатты, рухтарына тағзым етті дегеніміз абзал. Ол тағзымда ұрпақ өрбітуге үлгермеген, отбасы, жұбайлық өмірдің қызығын көрмеген уыздай жастардың көз жасы, зұлмат заманға, тоталитарлық тәртіпке деген қарғысы бар. Автор әлемдегі бірде-бір елде болмаған алапат трагедияның («халық жауларын» жою, аштық т.б.) зардабын егжей-тегжейлі зерттеуді алдына мақсат етіп қоймаса да, бір отбасы, әулеттегі орасан зор қайғыны жүрегі езіле отырып жазып шыққан. Қыруар ізденістер жасаған, сұрау салған, мұрағат, жариялылығы әзірше байқала қоймаған тиісті орындарды аралап, табанынан тозған. Ертеректе көрші республикада болғанымызда тас плитаға қашап әруақтардың атынан жазылған мына «Біз де сіздей болғанбыз, сіз де біздей боларсыз» деген сөздерді оқып ек, демек, қанды қапаста («халық жауларын» құрту) опат болған боздақтардың біреуі не бірнешеуі ғана емес, баршасы осы Марс аға сияқты жандарға риза боп, рухтары пейіште шалқып жатқан шығар деген түйін жасағымыз келеді.

Кітап құрылымындағы тараулар хронологиялық тұрғыдан алғанда, автордың өмірлік тұғырнамасынан туындаған негізгі мақсаты – арманда кеткен Ерембек әкесіндей жанның трагедиялық тағдырын көрсету болса, сол міндетке басқа бөлімдер сәтті жалғасып, адам-тағдыр- уақыт-қоғам төрттағанын ұтымды бейнелеген. «Халық жауының» перзенті, жақындары, т.б. қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың тағдырын зерттеу авторға әкесі Ерембектей, т.б. боздақтарға арналған іс-шараларға, «Алла-ай, не жазығымыз бар еді?» деп күңіреніп ана дүниеден тіл қатып жатқан әруақтардың жерленген жеріне бағып қатысуы, қаралы жиынға танымал адамдардың қатысуы – бәрі де кітап авторының өмір мен өлім, жақсылық пен зұлымдық, адам атты жаратындының ғұмыр кешу барысындағы негізгі мақсаты мен міндетіне сипаттама жасауына мүмкіндік бергені

бірден аңғарылады.

Қазақ өткенге – салауат, бүгінгіге – тәубе деп, болашаққа үмітпен қараған, бақиға үмітпен қараған, бақиға аттанғанынша тәубесі мен қанағат, шүкіршілігін аузынан тастамаған. Сірә, соны адами болмысына терең сіңіргені болар, Марс аға кітаптың келесі тарауларында өзі өскен орта, мектепке оқуы, ат жалын тартып мінер жасқа жетуі, жоғары білім алуы, қызметке араласуы, сол кезден бастап қазіргі ұлғайған сәтіндейін жүріп өткен жолы туралы нақты, еш қоспасыз жазып шыққан.

Бір ескерер жайт, өзі, отбасы, жары, ұрпақтары, әкесі мен анасы туралы толғанған автор солар арқылы өткен уақыт қойнауына бүгінгі күн биігінен үңіле алған. Соның нәтижесінде еліміздегі сол кезден бастап қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жағдаяттар тұтаса келіп, бір өңір, аудан тарихы арқылы кескінделіп, үлкен тарихи, танымдық деңгейге көтерілген. Осы жолдардың авторы боп отырған бізге Марс аға кітабында кездесетін адамдардың көбісі таныс. Көпшілігі бақилық боп кетті. Жүрегімізге айрықша әсер еткен жайт – Мәкеннің екінші әкесі – Төлеуқұл қария жайлы жазғандары. Осыдан біраз бұрын Ақсу-Аюлыда ас беріп, ол кісі туралы кітап жазған да Марс аға болатын. Төкен біз өмірге келген бұрынғы Сталин атындағы колхозда үкіметтен бір тиын алмай (өзі колхоз басшысы боп жүргенде), халықты ұйымдастырып, сегізжылдық мектеп салып беріп еді, біз сол мектепте оқыдық. Ол кісі аудан экономикасын көтеруде өлшеусіз еңбек сіңірген табиғаты таза, санасы сара жан болатын. Алтын құрсақты София ананың да қолынан дәм татқанбыз. Марс ағаның зайыбы Роза жеңгейді де көрдік, ол кісі жүрегіне иман ұялаған ерекше жан еді. Төкеннен тараған, Мөкеннен туған перзенттер болмыстарында ізгілік, иман болса, сол кісілерден ауысқан өнеге деген орынды. Бұл біздің ғана емес, көпшіліктің пікірі. Әрине, кең тынысты, тарихи, нақты деректерге негізделген, шындықпен суарылған кітап туралы көп айтуға болар еді. Біз газет мүмкіндігін ескере келе, басты деген жайттарға қатысты ойымызды қысқаша қайыруға тырыстық.

Мәуен ХАМЗИН,
филология
ғылымдарының
докторы, профессор

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА



Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы өңірде нық қолға алына бастады. Аталмыш бағдарлама аясында Қарағандыдағы балабақшалар арасында «Заманауи қазақ тілі кабинеті» байқауы жарияланған еді. Байқаудың қорытындысы шығып, «Айгөлек» бөбекжайы бас жүлде иеленді. Қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Әшім жеңімпаздарды марапаттау үшін «Айгөлек» бөбекжайына арнайы келді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Балабақшалардағы қазақ тілі кабинетін заман талабына сай жасауды мақсат еттік. Нәтижесінде осындай байқау ұйымдастырылды. Бас жүлдені иеленген «Айгөлек» балабақшасында көрсетілген талаптарға сай әрі қазаққа тән ұлттық құндылықтар бәрі қамтыған. Балалар көріп, қолмен ұстайтын болса, жадында тез сақталады. Осындай тәсілмен баланың бойына құндылықтар дарып, есте сақтау, сөйлеу қабілеті дамиды. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде «сабақ» деген ұғымнан арылдудамыз. Бөбектер заттық кеңістікті ортада өсіп-жетілуі қажет. Ал, біз соған жағдай жасаудамыз. Байқаудың басты мақсаты – осы. Екіншісі – ақпараттық технологиялық талап. Яғни, бала тек бір нәрсені үйренумен шектеліп қалмауы керек. Бір нәрсені үйренсе, екінші жерге барып тағы бір дүние үйренуі керек. Енді біз алдағы уақыт-

та кабинетті жабдықтаумен шектеліп қалмай, осында істейтін мұғалімдер мен қызметкерлердің де дамуына жағдай жасайтын боламыз. Және тәжірибе алмасу мәселесі де күн тәртібінде тұр, – деді Есентай Мұқатайұлы.

Қазіргі таңда балабақшада 9 топ, яғни 225 тәрбиеленуші бар. Сонымен қатар, 43 сала мамандары жұмыс істейді. Балабақшада аталмыш орталық сәуір айынан бері жұмыс істеп келеді. Орталығы – «Өнер», «Көркем әдебиет және тіл» және «Сюжеттік-рөлдік ойындар» орталығы деп бөлінеді. Әр бөлімде қазактың ұмыт қалған ұлттық ойындары мен салт-дәстүрлерге байланысты дүниелер қойылған.

– Кабинеттің заман талабына сай ұлттық құндылықтарды дәріптейтін бұйымдармен безендірілуіне, кабинет дизайны эстетикалық талапқа сай болуына баса назар аудардық. Қазақ

Бүлдіршіндерге базарлық



директоры Арайлым Қалибекова.

Аталмыш байқауға қаладағы 42 балабақшаның 30-ы қатысқан. Байқау қорытындысы бойынша «Балақай» бөбекжайы – I орын иегері атанды. II орынды «Шаңырақ» пен «Алмәгул» балабақшасы иеленді. Ал, «Алтын сақа», «Әйгерім» мен «Балбөбек» балабақшасы – III орынға лайық деп танылды.

– Немерем қазір осы балабақшада. Тәрбиешілердің атқарып жатқан жұмыстарын көріп өзім қуанамын. Шындығына келсек, балабақша қызметкерлерінің жаалақылары тым аз. Ал, істейтін жұмысы одан екі есе көп. Әрі жауапкершілік те бар жүктелетін. Сондықтан, бұл кісілердің еңбегін лайықты бағалануы қажет. Мына орталықтың ашылғаны бүлдіршіндерге үлкен олжа болды. Олай дейтінім, қазаққа тән ұлттық құндылықтарды білмейтін жастар бар. Орысша сөйлеп, сол ортада өскен. Ондайға жол бермес үшін баланы балабақша жасынан тәрбиеленген жөн, – деді ата-ана Әлия Абдуллин.

Жалған ажырасу жарға жықпасын



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекеттен берілетін түрлі көмекті кәдеге жарату мақсатында некені бұзып, бір шаңырақтың астында тұрып жатқан отбасылар қаншама.

– Отбасындағы басты құндылық – неке. Бірақ, жолдасымды некемізді жалған түрде бұзға көндірілдім. Жалғыз басты ана ретінде жарты жылдың ішінде жаңадан салынған көпқабатты үйден пәтер алдық. Бұған дейін өзіміз тұрған жер үйді сатып жіберіп, керек-жарағымызға жараттық. Оған еш өкінбейміз. Отбасымыздың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін бардық, – дейді Айнуір есімді қарағандылық тұрғын. Әлеуметтік қажеттіліктен туындаған тәсіл деуге тура келеді. Осыны ыңғайлы деп санағандардың бұндай қадамға баруы тойымсыздықтан деп топшыладық. Жалған ажырасу алаяқтық болғанымен, дәлелдеу қиын. Әрі ол жария да етілмейді және оны тексеру де мүмкін емес. Көбіне мұндай әрекетке мемлекеттік қызметтегілер барады екен. Сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған

жағдайда, отбасындағы материалдық құндылықтарды сақтап қалу үшін.

– Егер екі тарап ажырасуға талап-арыз берген жағдайда біз оны қанағаттандырмауға құқымыз жоқ. Бұл екі жақты бірлескен келісім. Тіпті, біз олардың тек қағаз жүзінде ғана ажырасып жатқандығына күмән болғанымен, ол нақты дәлелденбегендіктен ештеңе істей алмаймыз. Себебі, жалған ажырасуға қатысты қандай да бір норма немесе бап жоқ, – дейді заңгер.

Қазіргі таңда қоғамда кең тараған ажырасудың себебін сұрасаң жеке өміріне қол сұққанмен бірдей. Біздің елде бәрі заңмен реттеледі. Олай болса, артық пайданы көксеріп, құйтырқы әрекет жасап жүргендерді де жауапкершілікке тарту үшін олардың бір шаңырақ астында тұрып жатқандығын дәлелдейтін айғақтар мен куәгерлер арқылы жүзеге асыратын заң қажет.

Дегенмен, мұны алаяқтық ретінде жауапкершілікке тартуға болады дейді белгілі заңгер Абзал Құспан бір жағдайда. «Егер бұл отбасылық жұп қандай да бір материалдық игілікке қол жеткізу үшін өтірік ажырасқандары неме-

се қандай да бір жауапкершіліктен қашу мақсатында жүзеге асырып отырса, оларды Қылмыстық кодекстің 190-бабы «Алаяқтықпен» жауапқа тартуға болады» дейді.

Осындай «ыңғайлы» тәсілді қарапайым отбасылар да еркін менгеріп алған. «Толық емес отбасы» деген бағытпен, әлеуметтік көмекке де оңай қол жеткізеді. Әлеуметтік жәрдемақы, баспана мәселесі, түрлі мемлекеттік бағдарламаларда алдымен осындай «осал» топтарға беріледі. Шын көмекке мұқтаж жандармен жанталаса отырып, материалдық қажеттілікті қанағаттандыруда, артық пайда көруде екі асауды әдет еткендердің сенімді құралы болып отыр. Әлеуметтік қажеттіліктен туындады десек те, бұл әрекетке барушылардың басым бөлігі жағдайы бар отбасылар екені айтылуда. Қоғам тозған ба, адам азған ба? Отбасындағы ұлттық құндылықтар құрдымға кетіп жатқандай. Отбасының негізі некені жалған бұзған жемсаулардың ниетіне не дерсің? «Жалғандық жарға жығар» десек те аталмыш алаяқтыққа қатысты арнайы заңдық нормалар бекітілмей, ажырасушылар саны азаяр емес.

БІЗДІҢ СҰХБАТ



– Ернат Мелсұлы, сіздің бұған дейін де бірнеше веломарафон ұйымдастырғаныңызды білеміз. Рекордтар да орнаттыңыз. Бірақ, ол марафондарыңыз ел ішінде өткен елі. Ал, шетелге шығып, халықаралық веломарафон ұйымдастыру идеясы қалай тұлды?

– Шетелге шығу, халықаралық велошеру ұйымдастыру көптен бері ойда жүрді. Былтыр Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай Астанадан кесенесіне дейін бардым. 750 шақырым жүрдім. Велошеруден кейінгі баспасөз мәслихатында Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арнайы велошеруге шығатынымды мәлімдедім. Іле-шала Үкімет ұстаз тойын ЮНЕСКО аясында атап өтуге өтініш берді. Сол сәтте халықаралық велошеру туралы ой келді. Тек, бастапқыда Сарытүбектен Парижге бармақшы болдым. Өйткені, ЮНЕСКО-ның штаб пәтері – Парижде. Екі аралық – 9000 шақырымдай, 7-8 елден өтуім тиіс. Дегенмен, отбасылық себептерге байланысты ол ойымнан бас тарттым. Сөйтіп, қазақпен рухтас түрік елін, қос құрлықта қатар жатқан Ыстамбұлды таңдадым.

– Геосаяси ахуал шығып тұрған шақта шет мемлекеттер аумағымен өтуге рұқсат алу қиын болған жоқ па? Бұл тұрғыда қандай мекеме, кім қол ұшын созды?

– Әуелде Әзірбайжан арқылы да жүріп өтпек едім. Бірақ, ресми Баку сол күндердегі геосаяси жағдайларға байланысты шетелдіктер үшін шекарасын тарс жауып алды. Мен Актаудан Кутансиге (Гүржістан) ұшақпен жеттім. Бұдан әрі шет мемлекеттердің шекарасында кедергі болған жоқ. Гүржістан, Түркияға визасыз кіре бересіз. Велосипедпен жүрген соң-ау, полицией, кеденші, жергілікті халық тарапынан ықылас ерекше болды. Таң калып, қолдау білдіріп жатты. Әсіресе, түріктер «түбіміз – бір, қардешпіз, яғни, қандаспыз» деп, құшақ жая қарсы алды. Өз еліме, өз жеріме келгендей сезімде болдым.

Ресми органдар туралы айтсақ, ешбір мекемеге хат жазып, қолдау іздеген жоқпын. Мен бұл сапарда қарапайым, қатардағы азаматтың да ресми билік жәрдеміне жүгінбей-ақ алысқа, халықаралық деңгейдегі сапарға шыға алатынын дәлелдеген келді.

– Халықаралық велошеру идеясы көптен бері ойда жүрді дедіңіз. Ойда жүрген шаруаны іске асыруда қажымас қайрат, сарқылмас күш керегі мәлім...

– Соңғы 7 жыл үзбей велосипед теуіп келемін. Соңғы бес жылда Қазақстан ішінде бірнеше велошеру ұйымдастырдым. Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарында қос деңгелектің ізі қалды. Күнде 3 шақырым жүгіруді әдетке айналдырдым. «Мың жаттығу» деген жаттығулар жиынтығы бар. Күнделікті 15 минут уақытымды бөлемін. Дәруменге бай, пайдалы асты ғана жеуге тырысымын. Ұйқыға ерекше мән беремін. Қазақта «Сарман тауда салқын жоқ, Саналы ерде ұйқы жоқ» деген мақал бар. Мен екінші жолын «Саналы ерде «артық» ұйқы жоқ» деймін. 8 сағаттан асырмай, 7 сағаттан кем қылмай ұйықтау қажет. Сонымен қатар, позитивті ойлау, көңіл күй маңызды. Әр нәрсенің тек жақсы жағын көріңіз.

Менің әр сапарым осы халықаралық веломарафонға дайындық болды. Екі мәрте ел рекордын орнаттым. Біріншісінде, қыста 150 шақырым жүрсем, екіншісінде, ораза айында ауыр велосипедпен нәр таппай 109 шақырымды артта қалдырдым. Алғашқысында ауа температурасы -28 градус болды.

Жұрт велосипедті маусымдық көлік деп қарайды. Мен қысы-жазы велосипедтен түскен емеспін. Аяз, боран, жаңбыр, аптап, кез келген ауа райында. Өрге жиі мінуге тырыстым. Мұның бәрі жолда көп көмегің тигізді. Мәселен, Торғай даласында сынап бағаны +40 градусты көрсетті. Ал, Гүржістан, Қара теңіз жағалауында -2-5 градуска дейін құн суыды. Қап тауларында, Анадолы жерінде 3 мың метрге дейін баратын биіктермен өттім. Бір күнде 180 шақырым жүрген

«Сұржекейді» салт мінген Ернат Мелсұлы жұма – 28 қазанның кешінде Ыстамбұлға жетті. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлының кіндік қаны тамған Сарытүбектен 5 қыркүйекте жолға шыққан-ды. Алда 5555 шақырым жол жатты...

Бұрын да веложиһанкездің сапарынан газетке ақпарат бердік. Сол уақытта айтқанымыздай, екі айға жуық қос педальға тыным бермеген саяхатшы Қостанайдан бөлек, Ақтобе, Атырау және Маңғыстау облыстарын басып өтті. Каспий үстімен ұшып, Гүржістан арқылы Түркияға жетті. Қара теңізді жағалай бірнеше күн жүрді. Жолшыбай Анкараға ат шалдырып, Бурсаға аялдады. Сөйтіп, 55 күнде Босфор бойындағы әсем Ыстамбұлда «Сұржекейін» қантарды. Қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Өзтүріктің зиратына барып, Құран бағыштады.

Жоғарыда «Ернат жерлесіміз жұманың кешінде Ыстамбұлға жетті» дедік. Ал, біз бұғазға бет түзеген велосипедшімен түпкі межеге жетуіне санаулы сағаттар қалғанда, яғни, жұманың танында телефон арқылы сөйлестік. Аттың жалы, түйенің қомында десек те, оқырманға ой салар көрген-түйгенін айтып үлгерді.

Ернат МЕЛСҰЛЫ:

«Түркияның әрбір азаматы алдымен ұлттық мүддені ойлайды»



Ернат Мелсұлы Мұстафа Өзтүрік зиратына барды

кездерім де болды. Бұлардың бәрі күткен қиындықтар ғой. Тынымсыз шынықанның арқасында төтеп бердім деп ойлаймын. Және астыңдағы атың мықты болуы міндетті...

– Мықты ат қонақты қаржы тұрады. Жалпы, бұл сапарыңызға қанша қаражат жұмсадыңыз? Демеушілік жасап, қолдау танытқан меценаттар бар ма? Велоспорт қауымдастығы қол ұшын созған болар...

– Бір жыл бұрын қаражат жинауды бастадым. 31 маусымда 1 млн. теңгеге жетті. Велосипед қарағанда немістің «Gravel-іне» көңілім ауды. Жай жолмен де жүре беретін темір тұлпар. Саяхатқа бейімделген, әмбе-

Қазақстан жолдарында «алдымнан шұңқыр шығады-ау» деп алаңдайсың. 15 камерамды жардым.

Түріктер жол құрылысы Ердоған билікке келгелі қызғанын айтады. Басым көпшілігі Ердоғанға, оның саясатына риза. «Ердоғанның мақсаты – Түркияны алпауыт елге айналдыру» дейді олар.

– Халық риза демекші, «түрік-тен үйренеріміз көп» дейді сараншылар. Аз күнде сіз де біраз дүниенің байыбына барып үлгерген сияқтысыз...

– Түріктің ұлттық идеологиясы – аяғына нық тұрған идеология. Түркияның әрбір азаматы алдымен ұлттық мүддені ойлайды. Ортақ иде-



Веложиһанкезді Анкарада Қазақстанның Түркиядағы Елшісі Е.Сәпиев пен Кечиөрен ауданының әкімі Т.Алтынок бастаған азаматтар күтіп алды

Ал, бізде өзге түгілі кейбір қазақ қазақ болудан қашады. Тәуелсіздік алғанда мемлекет экономика үшін жұмыс істеді. Кейін саясат идеологиясын күшейтуге кірісті. Ұлттық идеология ескерусіз қалды. Қазіргі Қазақстан идеологиясы қазақтың түп-тамырымен байланыспай тұр. Қазақтың ұлт ретіндегі тағдырымен, тарихымен, мұң-наласымен, көрген азабымен, қол жеткізген жетістіктерімен қабыстыру, сол тамырдан өру деген жоқ. Мемлекеттік идеология түзуде үлкен кемшілік жібердік.

– Кез келген істің басталар нүктесі, яғни, қазығы болады. Түрік халқы Ататүрікті ерекше дәріптейді деп естиміз. Жана Түркияны құрудағы қызметін жоғары бағалайды екен...

– Түркияда көргенім, Ататүрікті мемлекеттік идеологияның Темірқазығы етіп алған. Әр қала, ауылда Ататүрік ескерткіші, саябағы дегеннен көз тұнады. Сөздері әр көшенің басында жазулы тұр. Анкарадағы мавзолейін тамаша тұрғызған. Қарауылы бар, үнемі ауысып тұрады. Портреті барлық тұста ілулі. Айдалада, жол үстінде қауын сапып тұрған диканның күрескісен түріктің туы мен Ататүріктің суретін көресіз.

Бізде де сондай тұлға бар емес пе! Әлиханымызды неге көсем тұтпасқа?! Қай қызметі кем?! Ел бойын-

мен ғана ұтамыз. Ол үшін, әрине, биліктен тегеурін қажет.

– Сіз бұл сапарыңызды Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арнадыңыз. Сапар басында бірнеше мақсат қойдыңыз. Сол көздеген мақсаттарыңызға толық қол жеткізе алдым деп ойлайсыз ба?

– Иә, сапарымды Ахмет ұстаздың тойына арнадым. Алға қойған міндетіме сай, жүрген жерімде, кездесулерде ұлы ұстаз туралы сөз қозғадым. Қазақ халқына ілім-білім әкелу мұратындағы істерімен барынша таныстыруға тырыстым.

Сондай-ақ, Абайдың толық адам идеясы бойынша «Толық адам және төрт даму» жобасын жасап, концепциясын түзу үстіндемін. Хакім айтқан толық адамды іздегенде Мұстафа Өзтүрікті таптым. Өмірін зерттедім. Рухани-интеллектуалды, физикалық, материалдық жағынан өзін-өзі жетілдіріп, 41 жас ғұмырында ұлтқа қызмет етудің өнегесін көрсетіп кеткен. Өзтүрік біздің буына жақсы таныс. Бірақ, қазіргі студент жастар, оқушылар түгел біледі деп айта алмаймын. Мақсатымның бірі Өзтүрік есімін насихаттау еді. Бұйырса, әлі де таныта жатармыз.

Шәкәрім «Қазақтың түп атасы – батыр түрік, «Арабсын» деген сөздің түбі шірік» дейді. «Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан ер түріктің бесігі ғой...», «...Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен» деп Мағжан жырылаған. Міне, түбіміз – түрік. Сол тамырымызды зерттеу үшін түркі тілдес елдерді аралау, ортақ тарихымызды зерделеу қажет. Тұран идеясын көтеріп, ғаламдық идеяға айналдырып отырған Түркия. Ыстамбұлда, Анкарада Абай атындағы көше, саябақ, ескерткіш бар. «Йассауды, Мағжанды аса қадір тұтады» деп естідім. Сол сөзге, шындығына көз жеткізейін деп келдім. Және Мұстафа Өзтүрік Ыстамбұлда жатыр. Велошеруді Өзтүрік зиратында аяқтамақпын.

– Келешекке түзілген жоспарларыңызбен бөліссеніз?

– Жоспар баршылық. Келесі жылы – даңқты Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығы. Мерейтойға орай сұлтан билік құрған Мысырға бармақпын. Каирға. Сұлтан мәңгілік тыныс тапқан Шама (Дамаск, Сирия) бару қауіпті болғандықтан әзірге бас тартуға тура келді. Сапарымды Әлихан Бөкейхан дүниеге келген Ақтоғайдан бастаймын. Жолай Мекке, Мединеге барып, қажылық парызымды өтесем деген ойым бар.

Ал, 2024 жылы Мұстафа Өзтүрік зиратынан Парижге (Франция) барсам деймін. Себебі, сол жылы Өзтүріктің туғанына 70 жыл толады. Және Парижде Жазғы Олимпиада өтеді. Тазквондо 8 жыл бұрын Олимпиада ойындары тізіміне енді. Өзтүріктің көзі тірісінде тазквондо өнерінің ең бәсі жоғары бәсекесі әлем чемпионаты еді. Қазақтың қайсар ұлы 7 рет чемпион атанған. Егер, сол кезде тазквонда Олимпиада ойындары қатарында болғанда, Өзтүрік ол шыңды бірнеше дүркін бағындырар еді деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»



«Музей – тарих айнасы»

Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында облыстық тарихи-өлкетану музейінің 90 жылдық мерейтойына арналған «Музей – тарих айнасы» атты тарихи-сазды кеш өтті. Кешке музей басшысы Ержан Нұрмағанбетов, бас қор сақтаушысы Меруерт Орыспаева, жалпы тарих, археология және этнография бөлімінің басшысы Дәурен Жүсіпов, экскурсиялық-бұқаралық бөлімінің басшысы Зәуреш Тебаева қатысты. Сондай-ақ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультеті ұстаздары мен өлке тарихы мен жәдігерлерге қызығушылық танытатын студенттер қонақ ретінде келді.

Кітапхана басшысы Дина Базарбайқызы ұлттық құндылығымызды сақтап қана қоймай, оны бірегей экспозициялар арқылы насихаттау жұмысын алға қойған музейдің еліміздің рухани өміріне қосқан үлесі туралы айтты. Ал, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік, Тәттімбет атындағы академиялық оркестр күйшісі Қанат Бақраев, «Жыр-Жауһар» шығармашылық орталығының мүшелері Манап Бағдатұлы мен Еркебұлан Елеусізұлы күй тартып, өлеңдерін оқыды.

Диалог форматындағы кеште Ержан Нұрмағанбетов музей тарихына шолу жасай отырып, нақты іргетасы 1932 жылы ескіше 7 қараша, қазіргі 25 қазанда қаланғанын және 3-4 қараша күндері жақын шетел мен еліміздің қоры мол музейлерінің қатысуымен «Өткен мен бүгінгі күн арасы» атты жоғары деңгейдегі іс-шараның жоспарланып отырғанын айта кетті.

1940 жылдары облысымыздың төңірегінде алғашқы археологиялық қазбалардың басталғаны, «Мәдени мұра» бағдарламасы кезінде жаңа деңгейге шыққаны жайлы Дәурен Жүсіпов баяндады.

– Алғашқы музейлердің басты миссиясы ғылыми-зерттеу жүргізу болса, бүгін де осы бағытта қызмет етіп келеміз деді. Бүгінде Осакаров ауданында қазба жұмыстары жүргізілуде. Өңірдегі Сақ қорымынан табылған жәдігерлер солтүстік Ирландияның Белфаст қаласына нақты анализдер жасауға жөнелтілді, – деді ол.

Көрермендердің «Облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі қор және ең құнды жәдігерлер қандай?» деген сұрағына Меруерт Орыспаева жауап берді. Оның айтуынша, бүгінде 152 мыңнан астам жәдігер сақтаулы. Ең құндылары – Болған ана кесенесінен табылған XII-XIII ғасырларға жататын алтын кесе, 200 грамм салмағы бар кесенің пробасы – 900. Келесі құнды жәдігер – қаланың негізі салынуымен тікелей байланысты геология ғылымдарының докторы А.Гапсөвтің 1920 жылдары пайдаланған қазба-барлау балғасы. Сондай-ақ, 2003 жылы Қазпошта өткізген «Қазақстан 2030» атты саяхат жемінінің жазған жабық хаты, хат 2030 жылы ашылады. Құнды жәдігерлер арасында Мәскеу императорлық университетінің 100 жылдығына арнайы жазылған «Книга всех народов мира: история письменности» кітабы. Қызығы, осы кітапта барлық тілдер алфавиті және «Ең жақсының барлығы Азиядан келді» деген жазба бар.

Зәуреш Тебаева болса Астана қаласынан Айдос Есмағамбетовтің қолдан жасаған «Гипер шынайы мүсіндер» көрмесі мен музей түні көрермен көңілінен шыққанын айтты.

Кеште белсенділік танытқан көрермендер алда өтетін көрмелерге билеттерге не болды.

Қуаныш ТҮСПБЕК, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы өркен жайып, кәсіпкерлік көкжиегі кеңейіп келе жатқан Ақтоғай ауданында тілге тиек етер толымды істер жетерлік. Сан сала бойынша сапалы жұмыс атқарылып жатқан мекеннің экономикалық көрсеткіштері туралы аудан әкімі Салтанат Әбеуова аймақтық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

Биыл облыс бойынша кәсіпкерлікті қолдауға жігіт назар аударылып, аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік – ел экономикасының ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі болып отыр. Сондықтан, аталған салаға басымдық берілуде. Ішкі өнімнің елеулі бөлігін өндіру осы саланың үлесінде екені айтпаса да түсінікті. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік тауарлар мен қызметтерді көбейту арқылы қоғамдағы тұрақтылықтың басты негізі болып есептелетін орта тап өкілдерін қалыптастыруға көп мүмкіндік жасалмақ. Осы жылы аудан экономикасында өсім бар. Жыл басынан негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі 14 млрд. 696 млн. теңгені құрағанын Салтанат Мірәсілқызы баспасөз мәслихаты барысында айтты.

– Аудан экономикасын дамыту-

Өңірдің өркендеуіне негіз бар



дың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп кәсіпорындары биыл 140 млрд. 502 млн. теңгенің өнімін

өндірді. Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша 5 орта және шағын деңгейдегі

кәсіпорындар: «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорыны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорыны, «Балқашбалық» кәсіпорыны, «Алтыналмас Technology» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрады. Есепті мерзімде аталған 5 кәсіпорынның өндірген өнімі 80 млрд. 802,6 млн. теңге, жалпы өнеркәсіп өндірісі өнімінің 62,8%-ын құрайды. 2022 жылы «Ирқаз Металл Корпорациясы» ЖШС «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысы жалпы құны 9 млрд. теңге қараша айында толық іске қосылып, 140 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы – өңірді дамыту үшін аса маңызды сала, біздің экономикамыздың басым бағыттарының бірі. Мал шаруашылығы саласында да мал басы мен одан алынатын өнімдердің көлемінде өсім бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өндірген өнімі 20 млрд. 329 млн. теңгені құрады, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Салтанат Әбеуова.

Спикердің айтуынша, Үкіметтің қолдауымен ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар жеміс беруде. Нәтижесінде, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда ет өндіру көлемі 6 419 тонна 7,8%, сүт өндіру 27 216 тонна 6,2%, тауық жұмыртқасы 1 882 мың дана

орындалды, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда мал шаруашылығында да тұрақты өсім бар, ірі қара 12,6 пайызға, қой мен ешкі 6,2 пайызға, жылқы 14,2 пайызға, құс 2,7 пайызға артқан.

Сонымен қатар, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй кезегінде тұрған 440 адамды баспа-намен қамтамасыз ету мақсатында Шашубай кентінде 100 пәтерлі бес қабатты үй, Сарышаған кентінде апатты жағдайдағы 70 пәтерлі бес қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру жұмысы басталған. Сондай-ақ, «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы арқылы 2023 жылға жалғасатын Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадионды қайта жаңарту жобасы басталды. Бүгінгі таңда құжаттары әзірленіп электр тартушы «ЖезРЭК» мекемесіне өткізу жұмыстары жүргізілуде. Биыл облыстық басқарма тарапынан «Балқаш-Ақтоғай-Ақсу-Аюлы» автомобиль жолының 16 шақырымына және Ақтоғай-Балқаш бағытының 7 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қоса, аудан басшысы ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, сол елді мекенде кәсіп етемін деген ниетті азаматтарға құжаттық көмек көрсетіп, кәсібіне қажетті қаражатқа тиісті заңдылығына сәйкес кедергісіз қол жеткізуіне ықпал жасап отырғандығын жеткізді.

Ақтоғай ауданы

● САЛАМАТТЫ ӨМІР

Жүзу жанды сергітер

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай ауданында көпшіліктің бұқаралық спортпен айналысуына, демалып, тынығуына арналған орындар жеткілікті. Соның бірі – Абай қаласында 2018 жылдың 1 наурызында пайдалануға берілген жабық жүзу бассейні. Мұнда келушілер қысы-жазы суда жүзіп, жан сергітіп қайтады.

Сырт көрінісі де көзтартарлық жабық жүзу бассейнінің жалпы көлемі 1942,7 шаршы метр, ұзындығы 25 метр, ені 5 метр, 5 жүзу жолағы бар. Сонымен қатар, мұндағы жаттығу, фитнес аэробика және көркем гимнастика залдары да үлкен-кішіге бірдей қызмет етеді. Үш теннис, бір бильярд үстелі әуесқой ойыншылардан бір босамайды. Тек дүйсенбі – тазалық күнінен басқа кезде бассейн таңертеңгі 9-дан кешкі 21:00-ге дейін жұмыс істейді.

– Біздің қызметіміз негізінен ақылы, – дейді әңгімесінде жабық жүзу бассейнінің директоры, ҚР Құрметті азаматы, самбодан спорт шеберлігіне үміткер Есенғали Төкебаев. – Ересектер бассейнге бір жолға түскені үшін 550 теңге, 14 жасқа дейінгі балалар, зейнеткерлер, 3 топтағы мүгедектер жеңілдікпен 275 теңге төлесе, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектер, көпбалалы отбасылардың балалары мен белгілі спортшылар бассейн суына тегін түсе алады. Быылғы ақылы қызметімізден өткен 9 айда 9065,3 мың теңге ақша түсті.

Аталған жабық жүзу бассейніне күніне 130 адамға дейін түседі екен. Оларға жаттықтырушылар Амангелді Макубаев, Мұратбек Түсіпов, Татьяна Волкова, мүгедектерге Марина Березнева, үстел теннисінен Ринат Үсенов кеңес беріп, нұсқау жасап, көмектеседі.

Осы жаттықтырушылардың ұйымдастыруымен бассейн ғимаратында жүзуден, теннис пен тоғызқұмалақтан аудандық, облыстық деңгейде жарыстар жиі өткізіліп тұрады.

Абай ауданы



Республика күніне орай Бұқар жырау ауданының бірқатар белсенді жастарына «Жігер» жастар сыйлығы табысталды. Ботақара кентіндегі «Достық үйінде» өткен мерекелік шараға аудан әкімі Нұркен Қобжанов арнайы қатысып, мерекемен құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара барысында мемлекеттік, қоғамдық және шығармашылық қызметі үшін білім саласының еңбек сіңірген қайраткері Серік Балланов пен Светлана Браунға «Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Сондай-ақ, ауданның дамуына үлес қосқан біршама азаматқа аудан әкімінің Құрмет грамотасы табысталды.



– Тәуелсіздік жылдарында озық технологиялар мен заманауи инновацияларды сенімді пайдалана алдық. Дәстүр мен мәдениетті сақтай отырып, бейбітшілік пен бірлікті тең ұстап өркендеу жолына аяғымызға нық тұрдық. Республика күні – үлкен мереке. Әрі осы мейрам ұлттық символымызға айналуы тиіс. Бізде бір ғана ортақ мақсат бар. Ол – Ота-

нымыз өркендеуі үшін аянбай еңбек ету, – деді аудан әкімі.

«Жігер» жастар сыйлығы биыл 10 номинация бойынша табысталды. Оған 30-дан астам өтінім түскен. «Жастар көшбасшысы» аталымында «Бұқар жырау ауданының Жастар ресурстық орталығы» жастармен жұмыс жөніндегі инспекторы Жанболат Жаңбырбаев

топ жарды. «Жастар саясатын іске асыруға қосқан үлесі үшін» номинациясы жаттықтырушы Ерұлан Сағитовқа табысталды. Ғ.Мұстафин кентіндегі мектептің бастауыш сынып мұғалімі Нұрғұл Тұрғанбек – «Үздік жас маман», Жаңақала ауылындағы мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Дәурен Ерубаев – «Спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» аталымына лайық деп танылды. Ал, «Жас талант» аталымы Ботақара ауылынан келген Инжу Ермағанбетоваға бұйырды. Байқауда жеңіске жеткен ол:

– Белгілі кино актриса болғым келеді. Басты рөлдерді сомдап, үздік кино актеріне берілетін сыйлықты алсам деген арманым бар. Анам ұзақ жылдар бойы мәдениет саласында қызмет істеді. Сол кісіге қарап мен де осы салаға бет бұрдым. Екінші сыныптан бастап мектепте өтетін түрлі шараларға қатысып, жүргізуші де болдым. Содан бері «актер боламын» деген арман пайда болды. Кейінірек, ағылшын курсын және актерлік шеберлік

сыныбын тәмамдады. Шеберлік сыныбын оқып жүргенімде С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының белгілі режиссері Сламбек Жұмағали аға тәлімгерім болды. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Ол кісінің тәлімгерім болғаны – мен үшін үлкен бақыт. Сол кісіден үйренген дүниелерімді паш еткім келеді. Ал, бүгінгі сыйлық маған тың серпіліс берді. Алдағы уақытта дарынды режиссер Арман Әлімжановтың шеберлік сабақтарына қатысып, сол кісінің туындыларында басты рөлдердің бірін сомдағым келеді, – деді ол.

Ботақара кентінің «Жастар» еріктілер командасы – «Үздік еріктілер командасы» атанды. Ал, ботақаралық автослесарь Андрей Забайрацкий – «Жылдың жас жұмысшысы», Үштөбе мектебінің 11-сынып оқушысы Гүлім Несіпбекова – «Жылдың үздік жоғары сынып оқушысы», нұралық студент Дмитрий Деев – «Колледждің үздік оқушысы», ботақаралықтарға масаж қызметін жасайтын Александр Маханков – «Үздік жас кәсіпкер» деп танылды.

Бұқар жырау ауданы

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқымыстылар ауылы



бүгінгі цифрландырылған заманда интернет желісінен алғанмен ғана шектеліп, қанағаттанып жүр. Бірақ, оның тиянақты білім болмайтынын екінің бірі біле бермейтіні екіншіті-ақ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Президентіміз біз оқитын ұлтқа айналуымыз керек деп тапсырма берді. Республикамызда 2020 жылдан бері қолға алынған «Оқитын мектеп – оқитын ұлт» жобасы да осыны көздейді.

Жоғарыда айтқанымыздай,

Агрогородок ауылындағы оқырманы көп №55 модульді кітапхананың бұл тұрғыда атқарып жатқан шаруалары ауыз толтырып айтарлықтай. Әлбетте, ол аталған мекемені 2008 жылдан бастап басқарып келе жатқан өз ісінің маманы Бақыт Бейсенбекованың неше жылғы тынымсыз ізденіс мен еңбегінің жемісі деуге негіз бар. Өйткені, екі күзетшіні қоспағанда, мұндағы меңгеруші де, кітапханашы да бір өзі. Ресейдің Челябинск өнер академиясын кітапхана ісі мамандығы

бойынша тәмамдаған Бақыттың жұмысына жерлестері де дән риза. Жексенбі мен дүйсенбіден басқа күндері сағат 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін есігі ашық кітапхана ауылдың үлкен-кішісі, мектеп мұғалімдері мен оқушылары, студенттер, түрлі мамандық иелері, зейнеткер қарттар, тіпті, мүгедектерден бір босамайды. Бұл жер олардың рухани орталығына айналған.

Ашылғанына биыл 55 жыл толып отырған осынау модульді кітапхана үш бөлмелі сәнді де жайлы ғимаратта орналасқан. Онда 17 984 кітап қоры болса, соның 7786 данасы қазақ тілінде. Олардың арасында шетел, орыс, қазақ әдебиеті классиктерінің сан жанрадағы том-том шығармалары, алуан сөздіктер мен анықтамалар, әр сала мамандықтары бойынша қаншама құнды кітаптар бар. Оқырмандар осыдан кез келген уақытта қалағанын алып оқиды. Сондай белсенді оқырмандардың бірі Елена Хомутова «кітапханада осы заманның шытырман оқиғалы кітаптары жеткілікті. Мен соларды үзбей алып, қызыға оқимын», – дейді.

Айтқандай-ақ, осы кітаптардың барлығы да сөрелерде қаз-қатар тізіліп тұр. Кірсе-шыққысыз үш бөлменің бірінің бұрышы компьютерлендірілген. Сөйтсек, осында жұртшылықты компьютерлік сауатпен интернет бағдарламаларына үйретіп, меңгертетін үйірме жұмыс істейді екен. Бұдан бөлек кітапханада оқушылардың «Жас эколог» үйірмесі де ұйымдастырылған. Коворкинг орталығы ашылғанына да 2 жыл болыпты.

– Оқырмандарымыз бізбен тығыз байланыста. Оларға жаңа кітаптарды таныстырып, насихаттап отырамыз. Белгілі ақын-жазушылардың шығармалары, мерейтойларына орай өзімізде, мектепте, клубта кітап көрмелерін ұйымдастырып тұрамыз. Мүгедектердің «Стремление» қоғамдық ұйымымен де берік қатынастамыз, – дейді кітапхана меңгерушісі Бақыт Бейсенбекова.

Қорыта келгенде, Жаңа Қазақстанның «Оқитын ұлтын» қалыптастыруда дәл осындай кітапханалар, оның жұмысын жолға қоюын Бақыттай бесасап маман, білікті басшылар болғаны керек-ақ.

Абай ауданы

● БАЙҚАУ

«Шырақ» жаққан жұлдыздар

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Майқұдық Мәдениет үйінде, Республика күні мерекесіне орай, Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөліміне қарасты «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен әскери бөлімдердің өзге ұлт өкілдері арасында «Елімнің тілі – менің тілім» қалалық байқауы өтті.



Байқау 4 кезеңге бөлінген. «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» бөлімінде қатысушылар өздерін қазақ тілінде өлеңдете таныстырса, «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» кезеңінде, экрандағы суретке қарап, жасырынған мақалды тауып, жаңылтпашты қайталады. «Өнерліге өріс кең» бөлімінде өнер сайыстырды. Ас дайындады, өлең оқыды, ән айтты. «Тіл – қазына» сайысында күрделі орысша сөйлемді қазақ тілінде шектеулі уақыт

ішінде сапалы аударуға күш салды. Өйткені, онда тілге байланысты қанатты сөздер жинақталған.

– Кез келген тілге қатысты шараның мақсаты мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру ғой. Шара осы бағытта жоспар бойынша өтті. Дайындық барысында қатысушыларға әдістемелік көмек те көрсетілді. Тіл тазалығы, шығармашылық шеберлік, танымдық деңгей, сахна мәдениеті басты назарға алынды. Әркім өз шамасына қарай жүздеге ие бол-

ды. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Бірақ, басқа салаларда еңбек ететін өзге этнос өкілдерін де қамту ойда бар, – деді «Шырақ» тілдерді оқыту орталығының директоры Саят Тұяқбай.

Үміткерлердің өнерін арнайы тағайындалған қазылар алқасы бағалап, жеңімпаздарды анықтады.

Бас жүлдені Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы 6505 әскери бөлімінің әскери қызметшісі, кіші сержант Владислав Горизанов

иеленді. II орын дәл осы әскери бөлімнің әскери қызметшісі, ефрейтор Егор Ращепкоға бұйырса, III орынды Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы 5451 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Мамед Ахмедов жеңіп алды.

Жүлдегерлерге арнайы диплом мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Ынталандыру сыйлығына ие болған үміткерлер де назардан тыс қалған жоқ.

● КЕЗДЕСУ

Еліміздің Қарулы Күштерінің қатарына жаңадан шақырылған «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің жас сарбаздары Приозерск гарнизонынан зейнеткерлікке шыққан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлерімен кездесті.

Жас сарбаздармен жылы жүздесуді ұйымдастырған Приозерск гарнизоны Қарулы Күштер ардагерлері филиалының төрағасы Тілек Алшымбекұлы болатын. Кездесуді 06708 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы майор Бірлік Чебиков ашып берді.

Жас сарбаздардың ардақты ардагерлермен кездесуі «Менің Республикам – Қазақстан!» атты ерлік сабағына арналып, Тілек Кенжебеков барлық Қарулы Күштердің ар-



дагерлері атынан жас сарбаздарды 25 қазан – Республика күнімен құттықтады.

Жас сарбаздармен кездесуге арнайы шақырылған Ауған соғысының ардагері, запастағы подполковник Валерий Крупский жас сарбаздарға өзінің ерлік жолын баяндаса, Қарулы Күштер ардагері, Приозерск гарнизонындағы Әскери полиция бөлімін ең алғаш басқарған запастағы подполковник Болат Шатыбеков қызмет атқарған жылдар-

дағы сарбаздардың құқығын қорғау жолындағы атқарған жұмыстарын баяндап берді.

Кездесу барысында қазан айында егеменді еліміздің айбынды армиясының құрылуына өзінің сүбелі үлесін қосқан генерал-майор Александр Мартыновтың, көп жылдары Қарулы Күштердің қатарында басылық қызметтерді атқарған, Ауған соғысының ардагері, генерал-полковник Сәкен Жасұзақовтың, бірқатар әскери жоғары лауазымдық қы-

Жылы жүздесу

зметтерді абыроймен атқарған генерал-лейтенант Болат Дарбековтің және ел әскерінің қару-жарақ қызметі саласында қызмет еткен, сонымен қатар әскери қызметшілердің құқығын қорғау ісіндегі Әскери полиция қызметінің алға басыуына зор үлес қосқан генерал-майор Шамиль Хакимовтің мерейлі жасқа толатыны айтылды. Қатарға жаңа қосылған жас сарбаздарға мерейтой нелерінің өмірбаяны мен Отан алдындағы қалтықсыз қызметі мен еңбектері жайында баяндалды.

Алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің кездесуіне қатысушылар ашық пікір алмасып, үлкендер жас сарбаздардың Отан алдындағы қызметіне табыс тілеп, әр кез Әскери антқа адал болу керектігін жеткізді.

Думан ЖҰМАШҰЛЫ,
Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы,
лейтенант

● БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЫ

Ажалдан аман алып қалды



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық өрт сөндіруші Лияс Ағыбаев өз өмірін қатерге тігіп, 6 жасар баланы өртеңіп жатқан пәтердің ішінен алып шығып, ажалдан құтқарды. Өрт 23 қазан күні Көгілдір тоғандар шағынауданындағы №12/2 үйдің пәтерінде болған.

Қарағанды облысы ТЖД 23 қазанда Көгілдір тоғандар шағынауданындағы тоғыз қабатты тұрғын үй пәтерлерінің бірінен өрт шыққанын хабарлады. Өрт сөндірушілер шақыру орнына барған кезде 8-қабаттың терезесінен қою түтін шығып жатқан. Көршілер өртеңіп жатқан пәтерде адам бар екенін

айтқан. Бір минутты да жоғалтпай, газ-түтіннен қорғау қызметінің қызметкері баспалдақпен 8-қабатқа көтеріліп, құрал-саймандарының көмегімен темір есікті ашқан. Аулада көліктер болған соң, баспалдақты орнату мүмкіндігі болмай, өрт сөндірушілер есікті ашып, баланы өрттен аман алып қалды.

«Өрт сөндіру қызметінің қызметкері Лияс Рахымжанұлы Ағыбаевтың батылдығын атап өткім келеді. Лияс өзіне төнер қауіпті бір секунд та ойлаған жоқ, пәтерге кіріп, от пен түтіннің арасынан өтіп, ұлымды көрпеге орап, көшеге шығарып, жедел жәрдем бригадасына табыстады.

№1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері дұрыс әрі жедел іс-әрекеттің арқасында тағы бір адамның өмірін құтқарып қалды.

Өрттен кейін пәтер иесі Қарағанды облысы ТЖД басшысы, азаматтық қорғау полковнигі Мұрат Қатпановтың атына Алғыс хат жазды.

«Өрт сөндіру қызметінің қызметкері Лияс Рахымжанұлы Ағыбаевтың батылдығын атап өткім келеді. Лияс өзіне төнер қауіпті бір секунд та ойлаған жоқ, пәтерге кіріп, от пен түтіннің арасынан өтіп, ұлымды көрпеге орап, көшеге шығарып, жедел жәрдемге жіберді. Лияс – біздің заманымыздың батыры, өрт сөндіру қызметінің батыл әрі жауапты қызметкері. Жедел әрекет еткен, өз жұмысын кәсіби түрде орындаған МӨС-1 командасына алғысымды білдіремін», – деп жазды Әсел Мәлікова.

Есенәлі Құрманәліұлы ҚОРҒАМБАЕВ

2022 жылдың 29 қыркүйегінде Қаражал қаласында бірнеше жыл еңбек етіп, қала әкімі қызметін атқарған Есенәлі Құрманәліұлы Қорғамбаев дүниеден озды.

Ол 1950 жылы 29 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауылында дүниеге келген.

1970 жылдың наурыз айында №70 ГПТУ бітіргеннен кейін Жезказған облыстық жөндеу бойынша слесарь, Қазалы станциясы локомотив депосының тепловоз машинисінің көмекшісі болып жұмыс істеді.

1972-1976 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтында оқыды. Институтты бітіргеннен кейін Жезказған облыстық инспекторы, КСРО Стройбанкінің қалалық бөлімшесін басқарушы болып жұмыс істеді.

1981 жылдың шілде айынан «Жайремтажстрой» тресінің экономика жөніндегі басқарушысының орынбасары, 1982 жылдың наурызынан КСРО Құрылыс Банкінің Қаражал қалалық бөлімшесінің басқарушысы.

1986 жылдың ақпан айынан Қаражал №4 шахтақұрылыс басқармасы бастығының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары.

1992 жылдың тамыз айынан Қазақстан Республикасы Тұранбанкінің Жәйрем бөлімшесі басқарушының міндетін атқарушы.

1997 жылдың қазан айынан «БанкТұранАлем» ААҚ Жезказған филиалының Қаражал есеп айырысу-кассалық бөлімінің бастығы.

2001 жылдың маусым айынан 2004 жылдың қаңтар айына дейін Қаражал қаласының әкімі қызметін атқарды. Еңбек жолында бірнеше үлкен марапаттарға ие болып, Қаражал қаласында сыйлы, беделді тұлға болды.

Есенәлі Құрманәліұлының бұл фәниден бақилыққа, мәңгі сапарына аттануына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Топырағы торқа, иманы саламағ, арты қайырлы болсын. Оның жарқын бейнесі Қаражал, Жезказған, Қарағанды қалаларының халқының жадында мәңгілік есте қалады.

Еске алушылар: **Бір топ жолдастары.**

№681

● ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

«Ауыл кеші көңілді»

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аппаз ауылы ауданның мәдени өміріне де белсене араласатын елді мекен ретінде көпке үлгі болып келеді. Бұл ауылдағы мәдениеттің ошағы саналатын ғимараттың іргетасы өткен ғасырда қаланғанымен, ән мен жырдан кенде болған емес.

Сөзіміздің айқын дәлелі ретінде жақында ғана ұйымдастырылған «Алтын ұя – Аппазым» атты ән кеші өтті. Туған жерден түлеп ұшып, бүгінде аймақ мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген жастар туған ел құшағын әнге бөледі. Салтанатты шараның шымалдығы аудандық орталық кітапхана директоры Бағдат Зияденқызы, ауыл әкімі Жоламан Әліұлы мен ақсақалдар алқасының төрағасы Раз-



ақ Мұқанұлының жылы лебізімен ашылды.

«Ауыл қазақтың қарашаңырағы, атбайлар алтын қазығы» десек, жастар сол туған жерге келіп, ақ пейілді ауылдастарына әдемі әннен тарту жасады. Шараға түрлі аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың лауреаттары қатысты. Ауылдық мәдениет қызметкерлерінің бастамасына Серік Ағыбаев, Нұрбай Сайдалин, Қанат Медетов, Дидар Садықов, Ғазиз Төкенов, Еркебай Разаков, Мейрамбек Қонысбек, Тұрдыхан Еділхан бастаған азаматтар қолдау білдірді.

● ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК

Ісмер



Қазір жергілікті жерлерде шағын кәсіпкерлікті дамытуға, қолдауға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Бұл ауылдық елді мекендерде жұмыссыздық мәселесінің оңтайлы шешілуіне септігін тигізеді.

Сондай кәсіпкердің бірі Шет ауданы, Қызылқой ауылының тұрғыны Гүлмира Ашамасева. Ол ұлттық колөнер бұйымдарын тігумен айналысады.

Гүлмира 1994 жылы келін боп, ақ босағаны аттағаннан бастап, тігіншілікпен шұғылдана бастайды. Енесі Күліш апаның «Зингер» іс машинасымен 20 жылдай іс тігіп келді.

Гүлмира Әминқызы 2021 жылы жазда аудан орталығы Ақ-

су-Аюлы селосында «Бизнес Бастау» шағын кәсіпкерлікті қолдау жобасымен 21 күндік курсты оқып, сертификатын сәтті қорғап шығады. Нәтижесінде 583 000 теңге қайтарымсыз грантка ие болады. Аталған қаржыға іс тігуге арналған жаңа құралдарды сатып алып, жеке кәсіпкер ретінде салық органына заңды түрде тіркеледі. Содан ұлттық бұйымдар тігуге арналған (шағын) ателье ашып, өз кәсібін дөңгелете бастайды.



Қазакы нақыштағы ою-өрнектер бейнеленген заттарды бірінші өзі тігіп үйренеді. Интернеттегі іс тігуге үйрететін бейне сабақтар мен онлайн курстардан көп нәрсеге машықтанады. Артынша Бизнес ханым (леді) курсы оқып, арнайы сертификат алып, перделер тігуді үйренеді. Қазіргі таңда бесаспап шебердің қолынан шыққан перде, тойбастар, құрақ көрпе, қыздың жасауы, диван жапқыштары ауылдастар арасында үлкен сұранысқа ие.

– Шебер әрқашан өз ісін шындап, жаңа технологияларды үйреніп, кәсібін алға жүргізу керек. Мен өзімді керемет шебер деп санмаймын, әлі де бұл бағытта үйренерім, берерім көп, – дейді Гүлмира Әминқызы.

Дархан УӘЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Шет ауданы



● БӘРЕКЕЛДІ!

Білім бәйгесінде сыналды

Ербөл ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астротурнир – жоғары сынып оқушыларының күрделі зерттеу және ғылыми мәселелерді талқылау қабілетін сынайтын жеке командалық сайыс. Жыл сайын Мейірхан Әбділдин атындағы оқушылар арасында өткізілетін республикалық «Адам, Жер, Ғалам» зияткерлік астротурнирінде қарағандылық команда жүлделі ІІ орынға ие болды.



Зияткерлік байқау Алматыдағы «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының обсерваториясының базасында өткен. Барлық өңірден 17 команда қатысты. Облыс намысын қорғаған «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 9 және 10-сынып оқушылары қорғап, үздіктер қатарынан көрінді. Команда құрамында Алина Даужанова, Ырысты Наурызбай, Ерсұлтан Төлеухан, Гүлназ Зайкен, Нұрасыл Төлеубаев сынды білімі мен қиялы ұштасқан ұтқыр жастар бар. Команданы физика пәнінің мұғалімі Саян Бұлкенов басқарды.

– Астротурнир 2009 жылдан бері өткізіліп келеді. Біздің мектеп бұл жарысқа алғаш рет қатысты. Қазақ тіліндегі командалық есепте ІІ орын алдық. Бұл – үлкен нәтиже. Қарсыластардың осалы жоқ, – деп қуанышымен бөлісті команда жетекшісі.

Жарыс қорытындысы бойынша Гран-приді Шымкенттен келген оқушылар алса, І орынды – алматылық Назарбаев мектебінің командасы иеленді. Маңғыстаулық команда үздік үштікте.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ шежіресінің білгірі, зерттеушісі бола білген ғалым сан ғасырлық салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, келер ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Ғылым теңізінің тұңғығына сүнгіп, тарих қатпарларынан сыр аша білді. Публицист, әрі журналист ретінде оның еңбектері отандық журналистиканы жаңа деңгейге көтерді. Әдебиеттанушы және ғалым ретінде қазақтың ауызша тарихын жаңғыртты. Осы мұраны барынша сақтап, елге насихаттап, өскелең ұрпақтың жадында жаңғырту біздің басты парызымыз, – деді облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Гүлнарайым Қантарбекова.

Дәстүрлі әннің дүлдүлі Сержан Мұсайын бастаған елімізге танымал әншілердің орындауында Акселеудің әндері шырқалды, күмбірлеген күй төгілді.

Салтанатты кеш төрт бөлімнен тұрды. Әр бөлімде Акселеу Сланұлының түрлі қыры жөнінде шағын сұхбат өрбіді. Бұл өз кезегінде қалың көпшіліктің қызығушылығын туғызды.

Атап айтсақ, Әлібек Асқаров Акселеу Сланұлының журналистік қырына тоқталып, сіңірген еңбегін, қазақ журналистикасын жаңа деңгейге көтергенін айрықша атап айтты.

Ал, Қойлыбай Асан қазір кенжелеп тұрған этнография бағытындағы еңбектерін атап өтті. Филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов жазушылық қырына, ел аузында жүрген белгілі шығармалары жөнінде айтты. Серік Ақсұңқарұлы Акселеу Сейдімбектің ешкімге ұқсамайтын тұлғалық ерекшелігі, шешендігі мен білімділігі хақында ой өрбітті.

– Қазақтың руханият әлемінде тұр-

Арқа аспанында Ақселеу рухы

лі әдеби қоғамдар болған. Соның бірі – Оралхан Бөкей мен Акселеу Сейдімбек құрған «Жеті жетім» өнер-әдебиет қоғамы. Ол жетеу соғыс кезінде туғандар. Орекеңнен өзге алтаудың әкелері соғыста шейіт болған. Жетеуі бас-қосып, әдеби шығармаларды талдайды. Түрлі ғаламат әңгімелер айтылады. Мәселен, «Мәскеуде кандай жаңа әдеби есім пайда болды?», «Алматыда кімнің кітабы шықты?» немесе өздерінің шығармашылығын да аямай сынға алады. Драмалық қойылымдарға бірге барып, талқылайтын. Сол әңгімелерді тыңдап, қастарында жүріп, камкорлығын көріп өстім. Бұл топқа Оралхан Бөкей, Кәрібай Ахметбеков, Акселеу Сейдімбек, Қуанышбай Құрманғалиев, Бексұлтан Нұржекеұлы, Кәдірбек Серізбаев, Төлен Әбдіков, Серік Әбдірайымов кірсе керек. «Жетімдер» деп аталуы да сондықтан екен. Бірде Асанәлі Әшімов «Үнемі қастарындамын, әмпей-жәмпейміз, қуаныш-тілегіміз ортақ, мені де жетімдерге мүше етіп алсаңдаршы» дейді. «Ой, бұл қиын шаруа, ол үшін сен біраз сыннан өтуің керек» деп достары әзілдеп жолатпайды. Жылдар жылжып жатады. Өмірден Оралхан Бөкей өтеді. Бірер жылдан соң Кәрібай Ахметбеков дүние салады. Астанаға көшіп кеткен Акселеу кенеттен қайтыс болады. Акселеуден соң араға бір ай салып Серік көз жұмады. Сол қайғылардың бәрін бірге бөлісіп,

оқиғалардың қалың ортасында бірге жүрген Асанәлі: – Әй, сендердің мына түрлерің жаман екен. «Жеті жетімдеріңе» мені қабылдамай-ақ қойыңдаршы, – деп әзілдепті, – деді Әлібек Асқаров.

Сонымен қатар, жиында Акселеу Сейдімбек атындағы республикалық мүшәйрада жүлдегер атанған аймақтың жас ақындары Абай Ораз, Ерік Нарын және осы жолдардың авторы Акселеудей дара тұлғаның рухына бағыштаған жырларын оқыды.

Қазылар алқасының шешімімен Бас жүлде, яғни, Акселеу Сейдімбек атындағы арнайы жүлде астаналық Ғылымнұр Қадірбайға бұйырды.

Жас жазушылар арасында І орын Ұлытау облысы, Жезқазған қаласынан келген Абай Оразға, ІІ орын Ақтөбе облысы, Ойыл ауданынан қатысқан Жаксылық Әлиханға, ІІІ орын Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласынан келген Әсемгүл Серікболқызы мен қарағандылық Сабина Ігілікке бұйырды. Жас көсемсөз шеберлері (публицистер) арасында І орын алматылық Ақниет Ералиеваның, ІІ орын Абай облысы, Семей қаласынан келген Жансая Сағындықованың, ІІІ орын қарағандылық Үміт Жұманның еншісінде. Жас этнографтардың арасында І орынға Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданынан қатысқан Мейіржан Мұхамеджанов, ІІ орынға қызылордалық Ерасыл Шәрібек лайық деп танылды.

● МҰРА

Ұлттық мектепке ұлағатты тарту

Еліміздің әрбір жалпы білім беретін мектептерінде атқарылып жатқан игілікті істердің бірі – кітап оқу. Кітап оқу – жас буынның санасына адамгершілік ұғымын сіңіріп, ұлттық мәдениет пен руханият құндылықтарын қоғамда ілгерілетуге бағытталған іс екені анық. Ол жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда талап тағамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы екені белгілі.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан құрылған «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты «Абай Құнанбайұлы мұрасы және қазіргі Қазақстан: жаңаша аспектіде жүйелеу, талдау және басылымға даярлау» атты кешенді ғылыми жобаны жүзеге асыруда. Жоба аясында ғұмырнамалық зерттеулерді, ақын шығармашылығы туралы монографияларды, дерекнамалық еңбектерді, жаңа технологиялық

жетістіктерге негізделген оқу-әдістемелік жұмыстарды танымдық сериялық басылым түрінде зиялы қауымға, ғылыми ортаға, барлық деңгейдегі білім алушылар мен көпшілік әлеуметке ұсыну көзделген. Басты мақсат – абайтануға қатысты жаңа сипаттағы сан қырлы аспектідегі ғылыми-зерттеулер арқылы бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға Абай мұрасын жан-жақты насихаттау мен танымалдандыру, болашақ жарқын істерге жол салу.

Бүгінгі таңда «Абай академиясы» сериясымен оғуға тарта кітап жарық

көрді. Кітап авторлары арасында Т.Жұртбай, Е.Сыдықов, Ш.Ыбырай, Ғ.Есім, Ж.Аймұхамбет, С.Негимов, Е.Тілешов, А.Кеншілікұлы, тағы басқа танымал ғалымдар бар. Тарихи маңызы зор еңбектердің бірі – жерлесіміз, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚарУ ректоры Нұрлан Орынбасарұлының «Құнанбай Өскенбаев ісі» атты дерекнамалық зерттеу еңбегі екенін атап өткіміз келеді.

Быыл «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты жоба аясында жарық көрген барлық кітаптарды қаламыздағы Абай атындағы гимназия кітапхана ко-

рына сыйға тартты. Кітаптарды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, PhD, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алмаз Мырзахмет табыстады. Бұған дейін Абай мектебі мен «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының арасында меморандумға қол қойылған болатын. Құнды кітаптардың мектеп кітапханасы қорына қосылуы игілікті істердің басы деп білеміз.

Баға жетпес еңбектер Абай мектебінің шәкірттеріне де, ұстаздар қауымына да, жалпы Қарағанды жұртшылығына игілікті еңбек етері сөзсіз.

● ЖЕКПЕ-ЖЕК

Октагондағы алғашқы жеңіс

Аралас жекпе-жектен Алматыда өткен Naiza 46 турнирінде 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қарағандылық Абылайхан Шаратов дебют жасап, қарсыласын мерзімінен бұрын жеңді.

27 жастағы спортшы бұған дейін дзюдо күресінен ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен. Халықаралық турнирлердің жеңімпазы әрі спорт шебері.

Дебюттік жекпе-жегінде қырғызстандық файтер Жолынбек Омаралимен кездесіп, ауырту әдісімен жеңіске жетті.

– Дзюдо деген үлкен спорттың парақшаларын бітіріп, жаңа MMA жекпе-жек спорттың парақшасын ашып жатырмыз. Алла абырой беріп, жеңіске жеттік. Нағыз ер қиын уақыттардан шабыт алады демекші, осы қиын спортты бастағаным да сол себеп. Бұл тек бастамасы. Қолдау білдіріп, менен де қатты қуанып отырған отбасыма, ағайын-бауырларыма, достарыма алғысым шексіз, – деп спортшы жекпе-жектен кейін әлеуметтік желіде жанкүйерлеріне алғыс айтып, қуанышымен бөлісті.

Курсанттар ерледі

Қарағандыда жасөспірімдер мен ересектер арасында NOMAD MMA-дан Азия чемпионаты өтті. Аталмыш чемпионатта ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының студенттері жүлделі орындарға ие болды.



Жарысқа Қазақстан спортшыларынан бөлек, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Пәкістан, Иран мен Бангладеш елінен 760-тан астам спортшы қатысқан. Бүгінде өңірде аталмыш спорт түрімен 3500 мыңға жуық жас айналысады.

Қарағанды академиясының ІІ курс курсанты Нұрасыл Қалиқанов Азия чемпионы атанды. Ал, ІІІ курс курсанты Алайдар Құрбанбек ІІІ орынға ие болды.

Турнир қорытындысы бойынша Қарағанды құрамы командалық есепте 8 алтын, 8 күміс, 5 қола медальмен І орында. Ал, ІІ орында Қырғызстан, ІІІ орында – Иран спортшылары иеленді.

● ФУТБОЛ

«Шахтер» тең түсті

Футболдан ел чемпионатының XXV турында қарағандылық «Шахтер» сырт алаңда «Атырау» командасымен кездесіп, 2:2 есебімен тең түсті.

17-ші минутта қарағандылықтар есеп ашты. Гол авторы – жартылай қорғаушы Фархад Мұсабеков. Команда-ластарының оң қапталдан жасаған шабуылын қақпаға дәл бағыттап, допты тоғыздыққа тоғытты. Бұдан кейін алаң иелері қорғанысын күшейтті. Соның салдарынан 24-ші минутта Николай Тарасовқа – «сары», 29-шы минутта Александр Соколенкоға айып алаңында ойын тәртібін өрескел бұзғаны үшін төреші «қызыл» қағаз берді. Осы тұста айып добын орындау мүмкіндігіне ие болған қарағандылық Темур Чогадзе мүмкіндікті мүлт жібермей, есепті еселеді.

Алғашқы таймның қосымша 5 минутында жерлестер сапынан жартылай қорғаушы Роджер Каныш ойын тәртібін бұзып, төреші «қызыл» қағаз берді. Атыраулықтар осы сәтті пайдаланып, есеп алшақтығын қысқартты. Гол авторы – қорғаушы Сослан Такулов.

55-ші минутта алаң иелері есепті теңестірді. Алайда, төреші ойыншының ойыннан тыс қалғандығын байқап, голды есепке алмады. Алайда, 79-шы минутта таразы басын теңестірді. «Шахтерлік» шабуылшы Евгений Кобзарь айып алаңында тәртіп бұзып, төреші «сары» қағаз берді. Алаң иелері сапынан пенальтиді орындаған шабуылшы Демир Имери мүлт кетпей, қарағандылықтармен тең түсті.

Жерлестер турнир кестесінде 32 ұпаймен – VII, атыраулықтар 29 ұпаймен – X орында тұр.

Дайындаған
Ербөл ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: www.ortalyq.kz				Таралымы 6 230		Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru		Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru			
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Интернет-редакция редакторы Ілияс Дүнгенбайұлы МҰҚАЙ Бас редактор Ерсін Кәрібайұлы МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Назым Саймасайқызы ДҮТБАЙ Жауапты хатшы Қасымхан Бүркітұлы ҒАЛЫМ				Телефондар: Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-57-76 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Экономика бөлімі: 43-31-77 Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88 Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72 Әлеумет бөлімі: 43-49-72 Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92 Интернет редакция бөлімі: 43-31-77		Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74; Компьютер орталығы: 43-58-08. Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет: 8-771-193-44-74; Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70; Қарқаралы: 8-702-638-56-85. Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды. ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген. А ● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.		«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KJVBKZKX БИН 000840001412 №121 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Сағыншы ӘБІЛ КОРРЕКТОРЛАР Ж.АХМЕТОВА Ә.БӘСТЕН	

